



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

● №21 (10 224)

● 31 мамыр

● жұма

● 2024 жыл

● aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



31 мамыр – саяси қуғын - сүргін құрбандарын еске алу күні



31 мамыр - ХХ ғасырдың басында талайды сарсаңға салып, қасірет шектірген саяси қуғын - сүргін құрбандарын еске алу күні. Бұл дата 1997 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен бекітілді.

Біз бұл күнді қаралы дата деп атап өтіп, оңай айта салғанымызбен, оның түбінде үлкен қайғы - қасірет жатыр. Әрбір қазақтың баласы осы қайғы - қасіретті ұмытпауы керек. 31 мамыр – бүкіл қазақ баласы көкірегін қарс айырып, бір сәт күрсінетін күн. Өлгенге иман, өткенге салауат тілейтін күн. Қаскөй саясаттың қанқұйлы қасап - қыспағынан қапыда мерт болған қаншама қазақ баласын жоқтайтын күн.

XX ғасырдағы саяси қуғын - сүргін – мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихымыздың шерлі беттерінің бірі болып саналады. Әкімшілік - жазалаушы жүйе еңбектеген сәбиді де, еңкейген көрні де, болмысы нәзік әйелді де аяған жоқ. Біздің ендігі жердегі борышымыз – осы қанқұйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдерін ұмытпау, оларды мәңгі есте сақтау. Олардың ішінде біздің де қаншама жерлестеріміз бар. Біз сол жастай солған жасампаз тұлғалардың алдында ғұмыр бойы бас иіп өтуге міндеттіміз. Бұл – тарихқа мінежат! Бұл – тағзым!

Тынышбайұлы Берік Тынышбаев, аудан әкімі.

ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК



"AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалының қабылдау бөлмесінде "Құқықтық көмек" партиялық жобасы аясында қоғамдық қабылдау өтті. Қоғамдық қабылдауды Ақсу аудандық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімінің аға сот орындаушысы, бөлім басшысы Сарсенбаева Салтанат Жамаққызы өткізді. Қабылдауға Есеболатов және Б.Сырттанов ауылдық округі тұрғындары келді. Мәселе барысында кеңес беріп, заң жүйесінде бағыт - бағдар берді.

АУДАН ПРОКУРОРЫНЫҢ ҚАБЫЛДАУЫ



«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде Ақсу ауданының прокуроры Тұрсыннов Дастан Несіпбайұлы қабылдау өткізді. Дастан Несіпбайұлы аудан тұрғындарын қабылдап, әлеуметтік, қоғамдық және өзге де ортақ түйіткілді мәселелердің шешілуіне ықпал етілуіне бағыт - бағдар берді. Қабылдау барысында аудан тұрғындарының өтініші негізінде қолданыстағы заң аясында толық кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жанель ЕСІПҚЫЗЫ, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының консультанты.

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ АЛҚАБЫНДА ДАЛА КҮНІ ӨТТІ

Ақсу ауданы қант қызылшасы алқабында дала күні өтті.

Алқап басында аудан әкімі Берік Тынышбайұлы аудан шаруа қожалықтарының жетекшілерімен кездесті.

- Өздеріңізге белгілі ауданда ірі кәсіпорын "Ақсу қант" зауыты бар. Біз зауыттың жұмыс істеуі үшін еңбек етуіміз керек. Кәсіпорынды тиісті мөлшерде шикізатпен қамтамасыз етсек, 500 - ден аса адам жұмыспен қамтылады. Сол себепті мүмкіндігінше агротехнологиялық шараларды дер кезінде жүргізіп, тынбай еңбектеніп, мол өнім алуға жұмыс жасауымыз қажет, - деді аудан әкімі Берік Тынышбайұлы.

Ең алдымен шаруалар Қарашілік ауылдық округіндегі "Маратов" шаруа қожалығының 7 сәуір күні егілген қант қызылшасының жай - күйімен танысты. Аталған шаруашылық басшысы қандай технологияларды қолданып отырғаны туралы баяндап берді.

Одан соң Б.Сырттанов ауылындағы "Әлихан" шаруа қожалығының тәтті түбір алқабында «Август Қазақстан» ЖШС "Alem agro" ЖШС өкілдері өздері ұсынатын гербицид, фунгицид, минералды тыңайтқыштар мен биологиялық қоспалардың тиімділігін, өнімділікті арттырудағы мүмкіндіктерін таныстырып, көрме ұйымдастырды. Аталған шаруа қожалықтың қант қызылшасын өсіруде қолданатын ауылшаруашылығы техникалары таныстырылды.

Жиналғандар Шолақөзек ауылындағы "Жаныс-К" ЖШС тамшылатып суару әдісін қолданып отырған қант қызылшасы алқабына барып, жаңа технологиямен танысты. Серіктестік басшысы Қалбиет



Самарқан тәтті түбір өсірудегі су үнемдеу технологиясын қолданудың артықшылықтарын баяндады.

Айта кету керек, биылғы жылы аудан бойынша 2200 гектарға жуық қант қызылшасы егілген. М.ШЫНДӘУЛЕТ.

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

АУДАНЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫҢЫЗ
КЕЛСЕ, АУДАНЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ "ҚАЗПОШТА" БАЙЛА-
НЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы бір жылға - 4414
теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

ГАЗЕТ ИНДЕКСІ: 66750

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет - жеке және заңды тұлғалардың, көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші арқылы жүзеге асатын және олардың құқықтары мен бостандықтарын сақтай отыра, мемлекеттік функцияларды іске асатын жиынтық болып табылады. «Ақсу аудандық құрылыс, сәулет және қалақұрылысы бөлімінде» 4 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Олар:

порталдар (E-Otinish, elicense, Documentolog) арқылы интернет желісіне кіріп, электрондық цифрлық қолтаңбаңызбен (ЭЦҚ) өтінішіңізді, керек құжаттарымен тіркесеңіз болғаны. Өтінішіңіз «Ақсу аудандық құрылыс, сәулет және қалақұрылысы бөліміне» келіп түсіп, оны түскен күннен бастап, 1 жұмыс күні ішінде жауапты маман қабылдайды және оны көрсетілген мерзіміне сәйкес,

Бізде 4 мемлекеттік қызмет көрсетіледі



1. Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну;
2. Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу;
3. Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге шешім беру;
4. Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекен-жайын айқындау жөнінде анықтама беру.

Қазіргі таңда, өзіңізге керек мемлекеттік қызметтерді үйден шықпай-ақ алуға мүмкіншіліктер бар. Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызметтерді арнайы

орындап жібереді. Көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша, әр апта «Ақсу ауданы әкімдігіне», ай сайын «Жетісу облысының сәулет және қалақұрылысы басқармасына» есеп беріліп отырады. Бөлімге мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар түспеген. Мемлекеттік қызметтер бойынша қызықтыратын сұрақтарыңыз болса, мына телефон: 8(7283)221073, 87073384298 нөмірлеріне хабарласып, керек ақпаратты ала аласыздар. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5 В.

Ж.МЫРЗАБЕК,
«Ақсу аудандық құрылыс, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» ММ-нің бас маманы.

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ



Ақсу ауданы бойынша шығып қалған учаскелік сайлау комиссия мүшесі туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 19 бабының 6 тармағына сәйкес, аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңына сәйкес, учаскелік сайлау комиссия мүшелерін атқарып жүрген міндеттерінен өз еркімен өтініші бойынша келесі комиссия мүшелері босатылсын:
 - 1) №26 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі Байкәмитов Бауыржан Салимович.
 - 2) №2 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі Калиева Жаная Асхатовна.
 - 3) №39 учаскелік сайлау комиссиясының хатшысы Нұрболатқызы Назгүл.
 - 4) №11 округтік сайлау комиссия хатшысы Мукажанова Самал Омарилиновна.
 - 5) №10 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі Қудайбергенов Серик Калижапарович.
 - 6) №41 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі Кәрібай Айнуыр Рысбайқызы.
 - 7) №2 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі Айысқанқызы Жанай.
2. Осы Қаулы Ақсу ауданы әкімдігі сайтының «Сайлау» интернет-парақшасына және жергілікті аудандық «Ақсу өңірі» газетінде жариялансын.
3. Осы Қаулының орындалуын қадағалау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы И.Жұмагелдиеваға жүктелсін.

Комиссия төрағасы С.ЖҰМАБЕКОВ
Комиссия хатшысы И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА
Жансүгіров ауылы,
29 мамыр 2024 жыл
№21

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Ақсу ауданы бойынша шығып қалған сайлау комиссия мүшелерінің орнына учаскелік сайлау комиссиясының мүшесін тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 19 бабының 8 тармағына сәйкес аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңына сәйкес, учаскелік сайлау комиссия мүшелерінің орнына сайлау комиссиясының құрамын қалыптастыратын орган осы Конституциялық заңның 10-бабында белгіленген тәртіппен сайлау комиссиясының мүшесін сайлағанға дейін келесі сайлау комиссиясының мүшелері тағайындалсын:
 - 1) №2 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша Бекбаева Гаухар Дюсеновна.
 - 2) №2 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша Сенкибаева Алия Сарсеновна.
 - 3) №10 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша Жаксыбаев Ержан Ниязбекович.
 - 4) №10 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша Абдыкалиева Жадыра Тилеубаевна.
 - 5) №26 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша Омарханов Расул Омарханович.
 - 6) №39 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша Мадығалиева Гульжан Даулетхановна.
 - 7) №41 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша Қудайбергенова Молдир Насрденовна.
 - 8) №11 округтік сайлау комиссиясы бойынша Тастанбекова Жанар Кызылканқызы.
 - 9) №4 округтік сайлау комиссиясы бойынша Жинаков Думан Омарбекович.
 - 10) №12 округтік сайлау комиссиясы бойынша Кожаяғлыдинова Райхан Тлебалдиевна.
 - 11) №2 округтік сайлау комиссия бойынша Шакерханова Акмарал Даулетовна.
2. Жоғарыда аталған комиссия мүшесінің саяси партияның ұсынысы бойынша сайлануына Ақсу аудандық мәслихатына тиісті құжаттар ұсынылсын.
3. Осы Қаулының орындалуын қадағалау аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы И.Жұмагелдиеваға жүктелсін.

Комиссия төрағасы С.ЖҰМАБЕКОВ
Комиссия хатшысы И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА
Жансүгіров ауылы,
29 мамыр 2024 жыл
№22

ЖАЙЫЛЫМДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНА БІЛЕЙІК!

Еліміз дамуының негізгі саласын ауылшаруашылығы саласы құрайды. Атап айтқанда, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы аталған саланың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Десе де, соңғы жылдары климаттың жылынуы, жауын-шашынның аздығы жайылымдардың тақырлануына алып келді. Осы себепті жайылым тапшылығы туындап, күрделі мәселеге айналуда. Сол себепті, жайылымдарды реттеу мәселесі өзекті тақырыпқа айналып отыр. Мен жем-шөп балансында жетекші орын алатын табиғи шабындықтар мен жайылымдарды тиімді пайдалану бойынша өз ойыммен бөлісуді жөн көрдім.



Ақсу ауданының климаттық жағдайы: таулы қоңыржай, шөлейтті жазықтар және шөлді құмды алқаптар болып бөлінеді. Қоңыржай белдеуді Жетісу алатауының тау және тау сілемдері құраса, шөлейтті белдеуді тау сілемдерінен төмен жатқан жазықты, шалғынды жерлер құрайды, шөлді жерлерге Балқаш көліне дейінгі құмды және құмдауытты алқаптар кіреді. Аталған табиғат зонасы төрт түлік малдың маусымдық жайылуына үйлесім тапқан. Дәлірек айтқанда жазғы, қысқы, көктемгі жайылымдардың барлық түрі дерлік біздің өңірде кездеседі. Ендігі мәселе «Осы жайылымдарды қалай тиімді пайдаланамыз?»- деген сұрақ туындайды.

Ауданымызда төрт түлік малдың басы жылдан-жылға өсіп келеді. Әрине, мал басының өскені жақсы, десе де осы жерде кейбір мәселелерге назар аудармасқа да болмайды. Дәлірек айтқанда, мал ұстап отырған шаруа қожалықтардағы төрт түліктің саны меншігіндегі жайылым жердің көлемімен сәйкес келмейді немесе жайылымды тиімді пайдалануды жолға қоймаған. 2023 жылғы жайылымдық жерлерді басқару және пайдалану жөніндегі геоботаникалық жоспарда мүйізді ірі қара малы мен жылқы малы үшін 1 басқа 4,5 га, ұсақ мүйізді мал үшін 1 басқа 1,0 га нормасында жүктеме бекітілген. Демек, жергілікті жердегі шаруа қожалықтарының төрт

түліктің сиреп азаюына, тұяқкестілікке, эрозияның пайда болуына, төрт түліктің шығыны мен мал ауруының өршуіне алып келетіні сөзсіз.

Ретсіз мал жаюдың зияндылығы жайылымдық шөптің шығымдылығына және түрлік құрамына, әсіресе мал азықтық өсімдік жамылғысына үлкен әсерін тигізеді, демек, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің тозуы – жердің табиғи-шаруашылық маңызының төмендеуіне әкеп соғатыны анық. Жайылымдар тозуының алдын алу мен мал басының сапалылығын қалыптастыру үшін мал өсірудің менеджменттік жүйесін қалыптастыруымыз керек. Ол үшін біз бірқатар амал-тәсілдерді қарастырып қолға алуымыз керек. Атап айтқанда, ата-бабамыздан келе жатқан көшу-қону бағытындағы мал өсірудің тәсілінде мал бағуды қалыптастыру. Дәлірек айтсақ, қыстаулық жердегі жайылым жерді күз және қыс айларында дала жайылымы-

на пайдалануға, ал жаз айларында маусымдық жайлаулық жайылымдарға малды көшіріп жаюды қолға алу арқылы қыстаулықтағы жайылымды жаз бойы тыңайту, демалдыру, өсімдік түрінің бітік есуіне шарт жағдай жасау; Меншігіндегі жайылымдарды қоршап, осы жерге мал басының нормасын сақтай отырып мал жаю арқылы тақырланудың алдын алуға әрекеттер жасау; Төрт түлік малдың санын жердің құнарлығы мен климаттық жағдайына сай жайылымдық норманы сақтай отырып сапалы мал өсіру; Жем-шөп базасын қалыптастыру арқылы отырықшы немесе бордақылық мал шаруашылығын дамыту арқылы ет-сүт өндірісін мықтап қолға алуға болады.

Ауыл тұрғындарының күн көрісі үшін, қолдарында ұстап отырған азын-аулақ малдарын жайлатын қызыл сызық аумағындағы жайылымның құнарлығын сақтау да аса маңызды болып табылады. Ол үшін жаз айларында ауыл тұрғындарының бойдақ малдарын жайлауға жіберуді ұйымдастыру, ауылда сауылатын мал басын қалдыру, шаруа қожалықтың малдарын қызыл сызық ішіне кіргізеу сияқты шараларды қолға алған дұрыс деп есептеймін. Ауыл халқының күн көріс көзі болып табылатын төрт түлік малды асырайтын жайылымдық жердің құнарлығын сақтау өз қолымызда екендігін ұмытпауымыз керек. Жайылымдарды жайылымдардың азықтық ресурстарын олардың экологиялық ерекшеліктерін ескере отырып және табиғатты қорғау нормаларын, дәлірек айтқанда, жайылымдардың жалпы алаңына арналған жүктемесін сақтай отырып, қалыпты жай-күйі мен мольғуы сақталатындай жағдайда пайдалануымыз керек.

Мал өсіруде аталған шараларды қолға алып, сапалы жайылымды қалыптастырып, сапалы мал өсіруді бірге қолға алайық құрметті ағайын!

Е.СЕЙІТҚАЗЫ,
Арасан ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.



Мәдениет және өнер қызметкерлеріне құрмет

Елімізде 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні болып бекітіліп, кәсіби мереке ретінде 2013 жылдан бері атап өтіліп келеді.

21 мамыр – еліміздегі осы салада қызмет істеп жүрген барша адамдарға құрмет көрсетіп, елеулі еңбектерін лайықты бағалайтын күн.

Атаулы мереке қарсаңында, аудандық мәдениет үйінде мерекелік шара өтті. Осы салада еңбек етіп жүрген бірқатар азаматтар мен азаматшалар елеулі еңбегі үшін төсбелгі, "Құрмет Грамотасы", "Алғыс хаттармен" марапатталды. Мерекелік жиын мәдениет қызметкерлерінің дайындаған концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты.

Өз тілшімізден.

Жалпыға бірдей декларациялаудың үшінші кезеңі

Активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны (250.00 нысан) тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына 2024 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі мерзімде ұсынады.

Декларация 2023 жылғы 31 желтоқсанға жасалады.

Үшінші кезең декларанттарына мыналар жатады:

- Заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары;

- Жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары;

Кірістер мен мүлкі туралы декларацияны (270.00-нысан) 2024 жылы 2021-2023 жылдар аралығында активтер мен міндеттемелер туралы Декларацияны (250.00-нысан) ұсынған барлық жеке тұлғалар ұсынады.

Декларацияны «салық төлеушінің кабинеті» арқылы электронды түрде ұсынуға болады (cabinet.salyk.kz), «электрондық үкімет» порталы (egov.kz), сондай-ақ, e-salyq.azamat, eGov mobile мобильді қосымшалары арқылы.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

АУДАН ДЕМЕУШІЛЕРІНЕ ДЕМЕУ

«Жібек жолы» мейрамханасында аудан кәсіпкерлерінің басы қосылды. Жиналу себебі І.Жансүгіров ауылындағы орталық саябаққа көктемнен бастап 2000-нан аса түп ағаш көшеттері аудан кәсіпкерлерінің демеушілігімен сатып алынып отырғызылды.

Аталмыш шараға демеушілік көрсеткен ел ағаларына бүгін аудан әкімінің орынбасары Амандос Ақышұлы ізгі тілегін жеткізіп, аудан әкімінің атынан "Алғыс хат" табыстап, құрмет көрсетті.

Иә, «Орамал тон болмайды, жол болады», - дегендей бұл да демеушілерге демеу болды.

Ауылымыз көркейіп, гүлдене берсін!

Ж.АУБАКИРОВА.



ЖЕҢІМПАЗДАР АУДАНЫМЫЗДА



Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында өткен «Ұлы Дала Жорығы» бірегей марафон - бәйгесінің республикалық іріктеу кезеңі аяқталды. «JORYQ» республикалық ат спорты федерациясының Президенті Бақытжан Тұрлыбековтың айтуымен үздік үштікке енген жеңімпаз командалар қыркүйек айына жоспарланған «Ұлы Дала Жорығы» халықаралық турына қатысатын болған. Сондай – ақ, жеңімпаздар Қазақстанның рекордтар кітабына енгізіледі деген. 19 мамырда «Ұлы дала жорығы» марафон – бәйгесі басталып, Жол қашықтығы 500 шақырымды құрады және бағыт Павлодар, Ақмола облыстарын қамтыды. Марафон 23 мамырда Астанада аяқталды. Марафонда Жетісу командасы 5 күндік, 500 шақырымдық доданы 32 сағат 40 минутта қиып өтсе, Мәулетхан Ералы 32 сағат

24 минут 42 секундпен рекордтар кітабына енді.

Бұл ерекше оқиға қазақтың көрнекті геолог - ғалымы Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналып отыр екен.

Нәтижесінде жерлестеріміз, яғни, Жетісу командасы биыл да жеңімпаз атанып, осымен екінші мәрте облысымыздың атын шығарды.

Жеңімпаздарды ақсулықтар зор қошаметпен қарсы алды. Қарсы алу шарасында аудан әкімінің орынбасары Дәулетбекова Күлайхан Тұрсынбекқызы сөз сөйлеп, алдымыздағы халықаралық көшпенділер ойынында да жеңіске жетуге сәттілік тіледі.

«Ұлы дала жорығы» әлемде жоқ республикалық марафон бәйге. Бұл жобаның ауқымы кеңейіп, ел ішінде кеңінен қолдау тауып келеді.

Біздің мақсат та – ұлттық спортты ұлықтау, қазақты ат спортына

қызықтыру әрі ұлы даламыздың тұлпарларын дөріптеу. Бірнеше облысты басып өтіп, үлкен қиындықтарды жеңе білген әрбір шабандоз құрметке лайық.

Келер ұрпаққа қасиетті ат ұстау мен бәйге өнерін жеткізу аса жауапты борыш. Бүгінгі іс - шара осы жолда атқарылып жатқан нақты істің бірі. Өйткені ол қазіргі жаһандану дәуіріндегі ұлттық болмысымызды сақтаудың бір жолы.

Облыс атын шығаруда біздің жерлестеріміз Соның ішінде біздің ауданымыздың Берікхан Қабдолданов бапкерлігімен шәкірттері Ыдырыс Жақсылық пен Маулетхан Ералы Жетісу олысының құрамасында өнер көрсетті.

Алда қыркүйек айында шабандоздарымызды жаңа жарыс күтіп тұр. Олар V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында халықаралық марафонға қатысады.

Тек қана сәттілік тілеймін! Тұлпарларыңыз сүрінбесін! Деген тілегін де айтты. Келесі кезекте аудан әкімі Берік Тынышбаев пен мәслихат төрағасы Бейбіт Сүлейменовтың атынан «Алғыс хат» табыстап, бапкер жерлесіміз Берікхан Қабдолдановтың есімін аудандық «Құрмет кітабына» енгізіп арқасына шапан жапты. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаев ақ батасын берсе, ауданымыздың ұлттық ат спорты федерациясының төрағасы Шалқар Алдабергенов жеңімпаздарға ақсулықтар атынан бір – бір тай мінгізді.

Ербол СЫМХАНОВ.

РЕСПОНДЕНТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

2024 жылғы 6 сәуірдегі «Бизнесті жүргізу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы аясында «Мемлекеттік статистика туралы» ҚР Заңының 12-2-бабына өзгерістеренгізілді.

Енді респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну кестесінде көрсетілген мерзім ішінде есеп уақтылы тапсырылмаса, профилактикалық бақылаусыз-ақ, респонденттер айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілікке бірден тартылатын болады.

Сондай-ақ, бастапқы статистикалық деректердің дәйексіздігі анықталған жағдайда, респонденттерге статистикалық нысандарға түзетулер енгізу қажеттілігі туралы хабарлама жіберіледі.

Түзетулер енгізу статистикалық нысанды қайта ұсыну немесе деректердің дұрыстығын растау бойынша қосымша ақпарат беру арқылы бір жұмыс күні ішінде (бұған дейін екі күн берілген) жасалуы тиіс.

Респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді



бұрыс ұсынғанын көрсететін дәлел жеткілікті болған кезде әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс қозғалады.

«Бұл шаралар бастапқы статистикалық деректердің дәлдігімен дұрыстығын қамтамасыз етуге бағытталған, бұл – мемлекеттік статистиканың тиімді жұмыс істеуінің маңызды аспектісінің бірі», – дейді Ұлттық статистика бюросының басшысы Мақсат Тұрлыбаев.

Аталған өзгерістер БАҚ

беттерінде жарияланған күннен 60 күн өткен соң (2024 жылғы 8 маусымнан бастап) күшіне енетінін ескертеміз.

Біз барлық респондентті статистикалық есептерді белгіленген мерзім ішінде тапсыруға және себеп - салдарын алдын алу үшін сенімді деректерді ұсынуға шақырамыз.

АУДАНЫҚ СТАТИСТИКА БӨЛІМІ.

АУДАН, АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫ НАЗАРЫНА!

Ауылшаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру және (түзету)

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 38) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесі ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу тәртібін айқындайды.

«Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы №367 Бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2023 жылғы 19 қазандағы №362 Бұйрығына сәйкес. 3 - тармау. "Ауылшаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген.30. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға осы қағидаларға сәйкес нысан бойынша дерекқорда 4-қосымшаға ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіруді (түзетуді) жүргізуге өтінішті (бұдан әрі өтініш) және тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жібереді.

Қазіргі таңда, ауылшаруашылығы жануарларын нақтылау жұмысы және АШЖБ дерекқор жүйесімен сәйкестендіру, халыққа үгіт - насихат жұмыстарын жүргізу қатты қолға алынып жатыр.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯ БАСҚАРМАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ «ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРІ БАҚ АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СТАНЦИЯСЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРЫНЫ.

Қосымша мәліметтерді 8(7283)2-34-25 немесе 8 705 773 11 53 телефоны арқылы алуларыңызға болады.



Отандастарымыздың 2024 жылғы 1 мамырдағы зейнетақы жинақтарының көлемі 19 трлн. теңгеге жақын

керсеткішімен салыстырғанда 29,1% немесе шамамен 193 млрд. теңгеге өсті).

Жарналардың барлық түрлері оң динамиканы көрсетті: МЗЖ есебі бойынша жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл басынан бері 01.05.2024 жылға 759,2 млрд. теңге түсті (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 20,3% өсті), МКЗЖ - 38,7 млрд. теңге (22,7% өсті), ЕЗЖ - 981 млн. теңге (өсім 42,1%).

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті

зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсуде. 2024 жылдың 4 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы 57,9 млрд. теңгеден асты.

БЖЗҚ салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері 01.05.2024 ж. - 517,6 млрд. теңге.

БЖЗҚ-дан төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары 2024 жылдың 4 айында шамамен 285,5 млрд. теңге болды. Бұл ретте осы көлемнің 41,7%, яғни 119 млрд.

теңгесі - тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ).

Зейнет жасына толуға байланысты төлемдер шамамен 67,8 млрд. теңге, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 19,2 млрд. теңгеге (39,5%) көп.

Сондай-ақ, мұрагерлік бойынша төлемдер – 18,5 млрд. теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – 11,4 млрд. теңге, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – 1 млрд. теңгеден астам, жерлеуге төлемдер - 3,3 млрд. теңге жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына 64,3 млрд. теңгеден

астам сома аударылды.

Атап кетейік, БЖЗҚ-дан кесте бойынша орташа айлық төлем сомасы (зейнет жасына толуға байланысты) 33 858 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы - 945 752 теңге. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың осы кезеңінде БЖЗҚ-дан кесте бойынша ай сайынғы төлемнің орташа сомасы 32 090 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 742 692 теңге болған.

2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны - 12,4 млн. бірлік, оның ішінде: 11,1 млн. - МЗЖ бойынша, 677,8 мың - МКЗЖ бойынша, 413,3 мың - ЕЗЖ бойынша тіркелген.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ және өзге де түсімдер туралы мәліметтер ескерілетін БЖЗҚ-дағы шартты зейнетақы шоттарының (ШЗШ) саны 2024 жылғы 1 мамырда 3,6 млн. бірлік болды.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылған.

● БІЛГІМ КЕЛГЕН БЕС СҰРАҚ?

1. "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы аясында тиісті ақшаны мерзімінен бұрын алуға бола ма? Шетелге тұрақты тұруға кеткен баланың оны алуға құқығы бар ма? Бала 18 жасқа дейін немесе одан кейін қайтыс болған жағдайда жинақтардың тағдыры қалай шешіледі?

Балалар 18 жасқа толғанға дейін нысаналы талаптар мен инвестициялық кіріс мерзімінен бұрын алу құқығынсыз есептелетін болады. Естеріңізге сала кетейік, көмелетке толған кезде алушы жинақталған соманы тек білім алуға немесе тұрғын үйге пайдалануға құқылы.

Қазақстаннан басқа мемлекетке тұрақты тұруға кеткен балалар Ұлттық қордың қаражатын пайдалану құқығынан айырылады.

Бала 18 жасқа дейін немесе одан кейін қайтыс болған жағдайда жинақтар ҚР азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Жинақтар баланың мұрагерлері үшін уәкілетті операторда ашылған банктік шотқа аударылады. Мұрагер ретінде баланың жақын туыстары немесе заңды өкілі танылады. Қаражатты кез-келген мақсатта пайдалануға болады.

2. Алдағы жылдары жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) қалай өзгереді?

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі жаңа құрамдауыш - жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарымен (ЖМЗЖ) толықтырылды. ЖМЗЖ мөлшері қызметкердің ай сайынғы табысына байланысты және жұмыс берушінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады. Жұмыс берушіге түсетін жүктеменің теңгерімді болуы мақсатында ЖМЗЖ жарнаны кезең - кезеңімен ұлғайта отырып аударылатын болады:

- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1,5 пайыз мөлшерінде;

- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2,5 пайыз мөлшерінде;

- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 3,5 пайыз мөлшерінде;

- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 4,5 пайыз мөлшерінде;

- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 5 пайыз мөлшерінде.

ЖМЗЖ - ны біртіндеп енгізу, сондай-ақ, оны салық салынатын табыстан шегеру жұмыс берушіге түсетін жүктемені жеңілдету үшін қарастырылған. Сонымен қатар, заңнамаға сәйкес, ЖМЗЖ барлық жұмысшылар үшін емес, тек 1975 жылы және одан кейін дүниеге келгендер үшін төленеді. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасын енгізу қызметкердің зейнетке шыққаннан кейінгі зейнетақымен қамсыздандырылу деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

3. Зейнетақыны рәсімдеу үшін қалай, қайда және қашан жүгіну керек?

«БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) Қорда міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар және жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына жеткен адамдардың, сондай-ақ, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін белгіленген кесте бойынша алуға құқықтары бар екенін еске салады.

Қордан зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толуына байланысты тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО), ал бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты төлем алу үшін Қор бөлімшелеріне, электрондық цифрлық қолтаңбасы бар болса БЖЗҚ сайты арқылы уақытылы жүгінулері қажет. Алушы зейнет жасына толғанға дейін 10 күн бұрын ХҚКО-ға өтінішпен бірге қажетті құжаттарын өткізуі керек. Біз осы мерзімді қатаң сақтауға кеңес береміз. Себебі, бұл мемлекеттік зейнетақыны алу үшін өте маңызды, оны тағайындау үшін ұсынылған құжаттар бойынша еңбек өтілін тексеру қажет. Оған қоса, заңнамаға сәйкес жасына байланысты зейнетақы және мемлекеттік базалық төлем тағайындау өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Өтініш пен қажетті құжаттар "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында (Мемлекеттік корпорация) тіркелген күн осындай күн болып есептеледі.

Естеріңізге сала кетейік, жасы бойынша зейнетақыны жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толған адамдар: ерлер 63 жасқа, әйелдер 2024 жылғы 61 жасқа толғанда ала алады. БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтар таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша проактивті қызмет көрсету мақсатында зейнет жасына толған, Қорда зейнетақы жинақтары бар, бірақ төлем алуға өтініш білдірмеген тұлғалар бойынша БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп, осындай азаматтарда жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің бар-жоқтығын жыл сайын салыстырып, тексеру жұмыстарын жүргізеді. Жыл сайынғы салыстыру нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен

тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған кезде БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациямен жасалған тиісті келісім шеңберінде оларға зейнетақы төлемдерін аударады.

4. Ерікті зейнетақы жарналары деген не? Оны дұрыс аудару үшін не істеу керек?

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі аясында Қазақстанда жарналардың мынадай түрлері жүзеге асырылады: міндетті (қызметкер табысының жұмыс беруші ай сайын аударатын 10%), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (зиянды және қауіпті мамандықтарда еңбек етіп жүрген қызметкерлер табыстарының 5%, оны жұмыс беруші өз бюджетінен төлейді), сондай-ақ, 2024 жылдан бастап енгізілген жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ), 1975 жылы және одан кейін дүниеге келген барлық жұмыскерлер үшін (2024 жылы 1,5% басталып, біртіндеп өсірумен 2028 жылы 5% дейін). Сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалар аудару алатын ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) да бар. Жеке тұлғалар ерікті зейнетақы жарналарын өздері және (немесе) жақындары үшін өз табысы есебінен, ал заңды тұлғалар – өз қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына аударады. Бұл жарналардың осы түрінің басты артықшылықтарының бірі.

Ерікті зейнетақы жарналарын екінші деңгейдегі банктер, Қазпошта арқылы, сондай-ақ, жұмыс берушіге өтініш беру жолымен аударуға болады. Жұмыс беруші осы өтініш негізінде ЕЗЖ-ны БЖЗҚ-ға мәлімделген адамның пайдасына аударады. ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу тәртібін БЖЗҚ зейнетақы ережелеріне сәйкес алушы дербес айқындайды.

Шарт жасасу және ЕЗЖ бойынша жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ. ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ ашу өтінішісіз тәртіппен мынадай негізде жүзеге асырылады:

- БЖЗҚ-ға агенттер ЕЗЖ аудару кезінде ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері;

- жеке тұлғадан өз пайдасына немесе үшінші тұлғаның пайдасына ЕЗЖ аудару кезінде БЖЗҚ-ға түскен бастапқы жарна.

Пайдасына зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаны сәйкестендіру ЕЗЖ аудару кезіндегі төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер (ТАӘ, ЖСН, туған күні) арқылы жүзеге асырылады. БЖЗҚ жеке

тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, тұрақты тұратын жері туралы барлық қажетті мәліметтерді және өзге де мәліметтерді мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады.

5. Ерікті зейнетақы жарналарының салықтық артықшылықтары бар ма? Оларды инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) қанша көлемде аударуға болады және ол қалай жүзеге асырылады?

Қазақстанда ерікті зейнетақы жарналары салықтық артықшылықтарға ие. Мысалы, жұмыс берушінің қызметкердің пайдасына аударған ЕЗЖ жеке тұлғаның табысы ретінде қарастырылмайды, жұмыс беруші үшін мұндай шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегеруге жатады. Яғни, бұл жағдайда жұмыс беруші салық салу кезінде жеңілдіктер алады.

Ерікті зейнетақы жарналары да міндетті зейнетақы жарналарының барлық түрлері сияқты инвестицияланады және салымшыларға табыс әкеледі. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарады. Алайда, салымшылар зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) аударуға құқылы, олар кірістілік пен тәуекелдің әртүрлі деңгейлері бар түрлі инвестициялық стратегияларды ұсынады. Егер міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға 50% дейін аударуға болатын болса, онда ерікті зейнетақы жинақтарын басқаруға толық көлемде беруге болады. Жинақтарды ИПБ-ға аудару салымшының өтініші бойынша жүргізіледі, оны Қор сайтындағы жеке кабинетте немесе БЖЗҚ-ның кез келген филиалында электрондық форматта беруге болады. Инвестициялау нәтижелері бойынша басқарушы компанияны да өзгертуге болады. Бірақ оны қолына көп дегенде бірақ рет ауыстыруға болады. Осылайша, зейнетақы активтерін басқаруға қатысу ЕЗЖ-ның тағы бір артықшылығы болып табылады.

Жарналардың барлық түрлері есебінен зейнетақы жинақтарының сомасын enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте 24/7 режимінде оңай бақылауға болады.

"БЖЗҚ" АҚ салымшының ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) аудару туралы уақытылы шешім қабылдауы оған өз зейнетақы капиталын едәуір толықтыруға және сол арқылы болашақта жоғары төлемдер алуға септігін тигізетіндігін ескертеді.

Мәди БАЙДҮЙСЕН,
«БЖЗҚ» АҚ Жетісу облыстық филиалының операциялық бөлімінің Жансүгіров ауылындағы қызмет көрсету орталығының маманы.

МЕКТЕПТІҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІ



Тіршілікте уақыт зымырап өте шығатынын бәріміз байқамай қалатынымыз рас. Соның дәлелі міне, жылжып тағы бір оқу жылы аяқталып отыр. Еліміздің барлық жерінде қуаныш, құшақтары гүлге толған түлектер, ұстаздар, ата – аналар, ардагер іс – шара Қаракемер орта мектебінде де үлкен дайындықпен аталып өтті. Жиынға жиналған түлектер, ата – аналар, ардагер ұстаздар, қамқоршылық кеңес мүшелері, еңбек ардагерлері шақырылған. Сонымен қатар, бұдан 50 жыл бұрын мектеп бітірген түлектер де атбасын бұрыпты. Жиынды мектеп директоры Қабает Ерғали ашып, көпшілік қауымды құттықтады, оқу жылы кезінде түрлі жарыстарға, олимпиадаларға қатысқан оқушыларға, озат оқушыларға «Мақтау Грамотасы» табысталды. Әрі қарай құттықтау сөз осы мектепті 50 жыл бұрын бітірген, осы Алттынарық ауылының тумасы, техника ғылымының докторы, профессор, академик Қиялбаев Әбдіге берілді. Көпшілікті құттықтаған Әбді өткен балалық шақтары, мектеп кезіндегі естеліктерін айттып, түлектерге сәт – сапар тілеп, 5 оқушыға ақшалай сыйлығын табыстады.

Түлектерді шақырылған қонақтар да құттықтап, жақсы тілектер айтты. Осы мектепті 25 жыл басқарған Әміренова Нұрқүміс көпшілікті құттықтап, түлектерге ақ жол тілеп, бұрынғы, мектепті «Алтын медальға» бітірген оқушылар туралы, осы мектеп

айтып, сәлем жолдап, үлкен қошаметпен қарсы алды. Мектепте үлкен жұмыстар жүргізіліп жатқанын байқадық. Жан – жақтың бәрі тазаланып, гүлдер отырғызылып, түрлі жеміс ағаштарын отырғызғандарын көріп, марқайып қалдық. Осы мектептің түлегі Беркімбаев Біржанның демеушілігімен еңселі, биік жаңа қақпа қойылыпты. Әр жылдың түлектері түрлі шыршалар, гүлдер отырғызып, көгалдандыруға көп үлестерін қосыпты. 50 жылдық түлектер де мектеп алдына 10 түп шырша



түлектерінің көбі ғылым жолында жүргендерін, еліміздің түкпір – түкпірінде жақсы маман болып отырғандарын, барлығы ауылдан кетіп қалса да ауылдың жақсаруына, гүлденуіне арнайы қор ашып, игілікті істер жасап жатқандарын тілге тиек етті. Түлектерді осындай алдыңғы буыннан үлгі алып, кейін олардың да ел үшін, ауылы үшін қызмет етулері керек екенін атап өтті.

Құттықтау сөз биылғы түлектерді бастауышта оқытқан мұғалімі Терлікбаева Айгүлге, ардагер – ұстаз Кенсуатова Гүлсараға, ата – аналарға, келген қонақтарға берілді.

Иә, мектеп ұжымының бұл іс – шараға үлкен дайындықпен келгендері көрініп тұр. Келген қонақтарға дәм татқызып, гүл шоқтарын табыстады. Оқушыларды жағалай сәнмен, шармен тұрғызып, тақпақтар

отырғызып, арттарына жақсы естеліктер қалдырды. Міне, осының барлығы ұйымшылдық, басшының ұйымдастыра білуі, кейінгілерге үлгі дер едім.

Осындай игілікті істерді жасап жатқан мектеп ұжымына, ауыл азаматтарына, ата – аналарға, бұрын бітіріп кеткен әр жылдың түлектеріне алғысымыз шексіз.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - дегендей осындай игілікті істерді жалғастыра беріңдер дегіміз келеді. Осындай жақсы бастамалардың, жасалып жатқан оңтайлы жұмыстардың куәсі болып, жан – жақтан жиналған қонақтар риза болып тарқайды.

Нұрқүміс ӘМІРЕНОВА,
Ақсу ауданының "Құрметті азаматы", Қазақстан халық ағарту ісінің озық қызметкері, ардагер - ұстаз.

ҚОРҒАНБАЕВ СӘБИТ БЕЙСЕБЕКҰЛЫ

Қызметке ерте араласып, аудан экономикасын дамытуға өзіндік елеулі үлесін қосып, білікті басшы, іскер ұйымдастырушы атанған, партия жұмысы және мемлекеттік қызмет ардагері. Саяси - қоғамдық жұмыстар белсендісі. Ақсу ауданының "Құрметті азаматы" **Қорғанбаев Сәбит Бейсебекұлы** жетпістен асқан шағында өмірден озды.

Қорғанбаев Сәбит Бейсебекұлы ұзақ жыл ауданда басшылық қызметте жемісті қызмет етті. Еңбек жолын Ақсу құрылыс техникумында арнайы пәндер оқытушысы болып бастап, өзінің қарым - қабілеті мен тәжірибесінің арқасында басшылық лауазымдарды абыроймен атқарды.

Сәбит Бейсебекұлының еңбек жолын айтпасақ та аудан тұрғындары жақсы біледі. Аудан басшылығында жүргенде ол жетекшілік ететін идеология саласының жұмысы облыс бойынша алдыңғы қатарда саналды. Білім беру, мәдениет, денсаулық, спорт салаларында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Оның тікелей басшылығымен ауданда Қ.Мұқашевтың 70 жылдығы. Ақын Сараның 115 жылдығы. Қ.Терібаевтың 100 жылдығы, І.Жансүгіровтың 100, 120, 125 жылдықтары, ауданның 80 жылдығы мерейтойлары жоғарғы дәрежеде өткізілді.

Парасат - пайымы терең, мінезге бай, ойласа - ойдың төрінен, сөйлесе - сөздің өрінен көрінер Сәбит Бейсебекұлы 2010 жылғы Қызылағаш ауылында орын алған қайғылы оқиға зардаптарын жоюға құрылған аудандық штабты басқарып, елдің еңсесін көтеруге де үлкен үлесін қосты. Халықтың қиналған шақтарында ауыл тұрғындарын сабырлыққа, берекке - бірлікке шақырып, иығын төсеп тірек бола білді.

Өріптесіміз Сәбит Бейсебекұлы қай жұмыста болсын іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, өзіне де, өзгеге де талап қоя білетіндігімен ерекшеленетін. Ізденімпаздық қасиеті - өз алдына бір төбе. Ең



бастысы, өз мамандығына деген құштарлық пен адалдық оны талай биік асуларға жетеледі. Соның нәтижесінде «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Конституциясына 10, 20 жыл», «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл медальдарымен, Қазақстан Президентінің, облыс және аудан әкімдерінің "Алғыс хаттарымен", "Құрмет Грамоталарымен" бірнеше мәрте марапатталды.

Жұбайы - Оспанова Әлия Рамазанқызына, отбасына, туған - туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Сәбит Бейсебекұлының жарқын бейнесін ақсулықтар ұмытпайды. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Жаны жәннәтта, тәні рахатта болсын.

аудан әкімі
Берік ТЫНЫШБАЕВ және
әкім аппараты,
аудандық мәслихат
төрағасы
Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ және
мәслихат депутаттары.
Амангелді АЙТБАЕВ,
аудандық Ақсақалдар
кеңесінің төрағасы.
Ғабит МҰСАБАЛАНОВ,
аудандық Қоғамдық кеңес
төрағасы.
Серікхан ЖАКУПОВ,
«АМАНАТ»
партиясы аудандық
филиалы төрағасы.
«Ақсу өңірі» газетінің
ұжымы.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

11.06.2024 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде БЭП сайтында <http://есорportal.kz/> Жетісу облысының Ақсу ауданында орналасқан "Күнгей" шаруа қожалығына (пайдалану кезеңінде, қолданыстағы объекті үшін) "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Күнгей" шаруа қожалығы, ЖСН 920202301474, мекен - жайы: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Арасан ауылы, Сансызбек Нұрлан көшесі 14А. Тел.87027551272, aman-78-22@mail.ru. Жоба материалдарымен есорportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А.Құрманғалиев, ЖСН 830514301679, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер есорportal.kz сайтында қабылданады.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

С 11.06.2024г в течении 5 рабочих дней на сайте ЕЭП <http://есорportal.kz/> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по раздѣлу «Охрана окружающей среды» для Крестьянского хозяйства «Кунгей», расположенного в Аксуском районе области Жетісу (в период эксплуатации для существующего объекта).

Инициатор намечаемой деятельности: Крестьянское хозяйство «Кунгей», ИИН 920202301474, адрес: область Жетісу, Аксуский район, с.Арасан, ул.Сансызбек Нурлан 14А. тел.87027551272, aman-78-22@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте есорportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», ИИН 830514301679, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте есорportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.



Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.



Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750

Офсеттік басылым көлемі 26 т.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2502